


# ЭКСПО туралы мәтінмен

2015/2016 ОҚУ ЖЫЛЫ






**Дүниежүзілік көрме (ағылш. *World's fair*)**  
немесе **Экспо (Ехро)**- индустрияландырудың  
нышаны және техникалық, технологиялық  
табыстарды көрсету үшін ашық алаң болып  
табылатын халықаралық көрме.

# ЭКСПО ӨТКЕН ҚАЛАЛАР

1. 1851 Лондон Англия
2. 1855 Париж Франция
3. 1862 Лондон Англия
4. 1867 Париж Франция
5. 1873 Вена Австрия
6. 1876 Филадельфия Пенсильвания
7. 1878 Париж Франция
8. 1886 Мельбурн Австралия
9. 1888 Барселона Испания
10. 1889 Париж Франция
11. 1893 Чикаго Иллинойс АҚШ
12. 1894 Сан-Франциско Калифорния АҚШ
13. 1895 Атланта Джорджия АҚШ
14. 1897 Брюссел Бельгия
15. 1900 Париж Франция
16. 1901 Буффало Нью-Йорк (штат) АҚШ
17. 1904 Сент-Луис Миссури АҚШ
18. 1905 Льеж Бельгия
19. 1906 Милан Италия
20. 1907 Дублин Ирландия
21. 1907 Хэмптон-Роудс Виргиния АҚШ
22. 1908 Париж
23. 1909 Сиэтл Вашингтон АҚШ
24. 1910 Брюссел Бельгия
25. 1911 Турин Италия
26. 1913 Гент Бельгия
27. 1915 Сан-Франциско Калифорния АҚШ
28. 1915 Сан-Диего Калифорния АҚШ

# ЭКСПО ӨТКЕН МЕМЛЕКЕТТЕР



## БҮКІЛӘЛЕМДІК КӨРМЕЛЕР ТАРИХЫ

БҮКІЛӘЛЕМДІК КӨРМЕЛЕР ТАРИХЫ 1851 ЖЫЛЫ ЛОНДОНДА ӨТКІЗІЛГЕН «БАРЛЫҚ ХАЛЫҚТАРДЫҢ ӨНДІРІСТІК ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҰЛЫ КӨРМЕСІНЕН» БАСТАЛЫП, БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН ЖАЛҒАСУДА.

1928 ЖЫЛЫ ПАРИЖДЕ КӨРМЕ ҚЫЗМЕТІН РЕТТЕУ МАҚСАТЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕ БЮРОСЫ (ХКБ) ҚҰРЫЛДЫ. БҮГІНГІ КҮНІ ОЛ ӨТЕ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ БІРІ (ОҒАН 166 ЕЛ МҮШЕ). ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕ БЮРОСЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕЛЕР ПРИНЦИПТЕРІ МЕН МАҚСАТТАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫН, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕСУ ШЕҢБЕРІНДЕ БІЛІМ БЕРУ, ИННОВАЦИЯЛАР САЛАСЫНДА, ЖАЛПЫАДАМЗАТ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ПІКІР АЛМАСУ ЖӨНІНДЕГІ ҒАЛАМДЫҚ СҰҚБАТ-КЕЗДЕСУЛЕР ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ҚАДАҒАЛАЙДЫ.


Кейде Бүкіләлемдік көрмелермен қатар салтанатты даталар мерекеленді.

- 1889 жылы Парижде Француз Революциясының жүз жылдығы атап өтілді,
- 1876 жылы Филадельфияда АҚШ тәуелсіздігінің жүз жылдық мерейтойы атап тойланды;
- 1893 жылы Чикагода және 1992 жылы Севильяда Американың ашылуының бес жүз жылдығы атап өтілді,
- 1915 жылы Сан-Францискода Панама каналының ашылуы мерекеленді.





Бірінші дүниежүзілік көрме Лондондағы Гайд-паркте, Альберт ханзаданың бастамасымен өткізілген. Көрменің бас назар аударарлық ғимараты, Джозеф Пакстонмен таза шыны мен болаттан тұрғызылған Хрусталь сарайы болды.



Әлемдегі ең үлкен күмбезі бар Ротонда, 1873  
жылғы Венадағы Бүкіләлемдік көрме  
1873 жыл ХКБ






**УОЛЛЕС ФОНТАНЫ, ПАРИЖ  
КӨРМЕСІ, 1878 ЖЫЛ ХКБ**

# Бүкіләлемдік көрмелер – колониалдық алыптардың қаруы





Дүниежүзілік көрме-1889, Парижде



Мануфактуралар павильонының террасасынан көрініс, Чикаго, 1893 жыл ХКБ Болашақтың Бүкіләлемдік көрмелері.



Париж, 1900



Германия павильоны, Барселона - 1929

ТОКИО САРАЙЫ  
АРХИТЕКТОР ДОНДЕЛЬ МЕН ОБЕР.  
ПАРИЖ 1937ЖЫЛ ХКБ.





1958 жылғы  
Брюссельдегі  
Бүкіләлемдік  
көрмедегі  
“Такси-трициклдар”





Бүкіләлемдік көрмелер көңіл  
көтеру мен демалыстың  
мекеніне айналды:  
Монреальдағы “Ла Ронд” паркі,  
Осакадағы “EXPOland”. 1967  
жылы Монреальде Роман  
Кройтердің “Лабиринт” фильмі  
көрсетілді, оны түсіруге және  
экранға шығаруға 4,5 миллион  
доллар жұмсалды.



1992 жылғы Севильядағы Экспо Өзен және теңіз навигациясының павильоны, А.О. Агеса.



Джама Дж.Вил  
павильоны конустық  
нысанның белгілері.  
Айчи 2005 жыл.




Көрме алаңы, Айчи, 2005 жыл.



2008 жылғы 14-маусынан 14-қыркүйекке дейін Испанияның маңызды қалаларының бірі Сарагоса "Су және тұрақты даму" тақырыбындағы Бүкіләлемдік көрмені қабылдады. Мұнда түрлі сипырлықтар мен тосынсыйлар болды; мұнда цунамиді шақыратын имитаторлар және Европадағы ең үлкен аквариум орнатылды.

## **Қазақстан 2008 жылғы ЕХРО-да**

Осы Бүкіләлемдік көрмеге қатысқан Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев осындай көрмені Астанада өткізудің мүмкіндігі туралы айтты.



## ШАНХАЙДАҒЫ БҮКІЛӘЛЕМДІК КӨРМЕ 2010

Көрме тақырыбы - “Жақсы қала – жақсы өмір”.

«EXPO парк» - көрме қалашығаның аумағында орналасқан келушілерге әр уақытта ашық жасыл алқап.

### **Қазақстан EXPO-2010-да**

Шанхай EXPO-2010-дағы Қазақстан павильонының басты мақсаты – Астананы халықаралық деңгейде әлемдегі ең жас және қарқынды дамып келе жатқан елдің астанасы ретінде таныстыру. Қазақстан ұлттық экспозициясының тақырыбы "Астана – Еуразия жүрегі".

# ЁСУДЕГІ БҮКІЛӘЛЕМДІК КӨРМЕ 2012

2012 жылғы 12-мамырдан 12-тамызға дейінгі аралықта Оңтүстік Кореяның Ёсу қаласы «Жанды мұхит және жағалау» тақырыбындағы Халықаралық мамандандырылған көрмені қабылдады.





## **EXPO-2017 нобайлық жобалардың көрмесі**



14 тамызда Астанада «Астана ЭКСПО-2017» сәулет өнері байқауының нобай-идеялық көрмесі ашылды. Байқау қатысушылары қаланың нышанына айналатын ЭКСПО көрме кешенінің құрылысы бойынша өз идеяларын ұсынды.



## Future Energy

Energy demand is increasing continuously world-wide. The awareness that fossil energy resources are not infinite makes the energy issue one of the biggest stake for humanity during the XXIst century. For us Future Energy means that the world must evolve from a one way consumer society towards a sustainable model in which energy consumption is reduced, energy production is decentralised and the energy cycle is closed, stable and regenerating through renewable technologies.

Integrating Energies  
Our mission: integrate the best energy in the  
world in the most efficient way possible. Energy is a service to the  
achievement to the whole world.

ZITTELSON

- 1. Әлемнің 20 елінен 50 шақты сәулетшілер көрме кешеніне қатысты өз елестерін ұсынды. Байқау қатысушылары болып Австрия, Аустралия, Ұлыбритания, Германия, Испания, Италия, Канада, Қытай, АҚШ, Голландия, Корея, Ресей, Португалия, Норвегия, Түркия, Тунис, Жапония, Франция, Украина елдерінен келген мамандар қатысты. Қазақстан атынан 12 сәулет жұмыстары ұсынылып отыр.



- 2. Астананың тұрғындары мен қонақтары авторлық жұмыстарды өз көзімен 14 мен 16 тамыз аралығында Көрме көрмелік кешенінде тамашалай алады. Біздің топқа нобайларды бірінші болып көргендердің бірі болуға, сонымен қатар техникалық кеңестің жұмысын көруге мүмкіндік берілді. Жұмыстарды бағалау екі аптаның көлемінде жүргізілді.



- 3. Айдар Марат, «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ сәулет және әрлендіру департаментінің BA, MArch, Жобалардың Бас Сәулетшісі



- 4. Сәулет жұмыстарын бағалау жұмыстары үшін Үшінші Индустрияландырылған Төңкеріс туралы концепцияның авторы, Джереми Рифкин басқарған техникалық кеңес құрылды. Техникалық кеңестің құрамына қазақстандық және шетел кәсіпқорлары кірді.



- 5. Авторлардың алдына қойылған міндет - новаторлық технологияларға жауап беретін нобай (эскиз) ойлап шығару болды. Бұған қоса негізгі шарттардың бірі Болашақ қуаты - Астанада ЭКСПО 2017 бас идеясын суреттеу болды. Көрме кешенін іске асыруға «жасыл» технологиялар қолданылады. Көрме территориясының нысандары энергия мен энергиямен қамсыздандырудың альтернативтік көзін енгізу үлгілеріне айналмақ. Құру кезіндегі негізгі аспектілердің бірі Астанада ЭКСПО-ны өткізген соң құрылыстарды пайдалану болып табылады. Өйткені кешен қала тұрғындарына ұзақ жылдар бойы қызмет етіп, мәдени нысанына айналмақ.




Томас Кервин

Марио Агиум



## 9. Сәкен Нарынов, қазақстандық қатысушы:

Көрме кешенінің аты «Күн мен Жел ғибадатханасы», «Күн» көрмелік павильондарынан және «Жел» мұнарасынан құрылған. Тұжырымдамалық жоба өзімен мұнараның жетінші орталық сәулесімен алты сәулелік көрме павильондарын және ай орағы түріндегі су айдыны бар ЭКСПО-калашығын ұсынады. Күн- көптеген табиғи процесстердің маңызды құрамы, оған Жер планетасындағы барлық тіршілік тәуелді екені белгілі. Және болашақтың альтернативтік энергетика түрінің бірі күн радиациясын пайдалану болып табылады.





## 12. Суретте Saraiva-Assosiados жобасы.

Орталықта радиалдық жүйесі бар көрме кешені орналасқан. Жасыл осі және Назарбаев Университетінен ось сақталған. Сәулет-көркем бейнесі- заманауи, ықшамдалған, ұстамды. Көрмеден кейінгі пайдалану: Ғылым және технологиялар паркі. Көп функционалды пайдалану ғимараты.



- 13. Суретте Adrian Smith + Gordon Gill Architecture жобасы.
- Бас жоспар қала торын сақтайды, күн сәулесін барынша өнімді қолдануға бағытталған. Назарбаев Университеті мен жасыл осьтері арасындағы байланыс сақталған. Қазақстанның орталық павильоны ғимарат жабынында орналасқан күн батареялерінен қоректенетін жетілдірілген киіз үй түрінде ұсынылған. Қазақстандық павильон ЭКСПО символы ретінде ұсынылып отыр. Көрмеден кейінгі пайдалану: Ғылым және технологиялар паркі, бизнес.



14. Суретте Manfredi Nicoletti жобасы Атауында «Жел» жәнен «Гүл» қазақ сөздері біріктірілген «Желгүл» мұнарасы, ЭКСПО 2017 жаңа қаласының туғанын білдіреді. Мұнараның орталық корпусы жақыннан функционалды аймақтардың мөлдір шынысына өтетін ақ шынымен қапталған. Тік осінің ауданы желдің әсерін төмендететін тесіктерге ие болады. Аталған тесіктерде «Желгүл» мұнарасын Астананың жел күшімен, шамамен 1500 МВ электрэнергиясын өндіре алатын, алып жел фермасына (зауытына) айналдыратын жел кернейлері орналасқан. Бұдан басқа, мұнара сынақ алаңы болып қызмет ететін функционалдық маңызға да ие.





16. Суретте «Казгор» жобалық академиясы» ЖШС жобасы.

Аймақтың қала салу жүйесі өзіндік радиалды-эллипстік қалыпқа ие. Сәулет - көркем бейнесі- заманауи, ұстамды. Құрылыстың ортасында орналасқан жүз метрлік диаметрдегі шар ЭКСПО-ның нышаны ретінде ұсынылып отыр. Көрмеден кейінгі пайдалану: Ғылым және технологиялар паркі.



- 17. Суретте Isozaki, Aoki & Associates.
- Жоба қалалық үнемі қала салу торын сақтайды, оған қоса түрлі бөлінген кластерлермен ерекшеленеді. Назарбаев Университеті мен жасыл осьтері арасындағы байланыс сақталған. Жоба қоршаған контекстке байланысты 3 блокқа бөлінген: Бизнес және Академия, Тұрғын, Ойын - сауық және Мәдениет. Сәулет-көркем беинесі- заманауи, ықшамдалған, ұстамды. Ерекшелендіретін белгісі өзіне көптеген түрлі айдындарды: қаналушы жабын, фото-электрлік панельдер, күн коллекторы, жасыл жабын және т.б. енгізетін жабық шағын қала жабыны болып табылады.

